



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Шахманова Ж. Б., Ергеш Г. Н.

Zhansaya_0497@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті,
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы 3-курс.
Ғылыми жетекшісі: Набиева Марал Торехановна

Ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігі ұлттық экономиканың даму жағдайы мен болашағының көрсеткіші болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де бола береді. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие.

Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерінің өте ірі экспорттері болып табылады, ауыл шаруашылығы экспорты елдің жалпы экспортының 5% -ын құрайды. Қазақстандық астық еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің негізгі экспорттық өнімі болып табылады, ол жақын шет елдердің нарықтарына ғана емес, сонымен қатар әлемдік дәнді дақылдар нарығында да айрықша орынға ие.

Қазақстан Азиялық дәнді дақылдар нарығында Ресей мен Украинаның бәсекелесі болып табылады. Себебі қазақстандық бидайдың үнемі сұранысқа ие және сапасының жоғарылығы.

Қазақстан едәуір көлемде астықты өсіруге бейім мемлекет болғандықтан тауарлардың өзіндік құны төмен деңгейде сақталады. Бұл факт еліміздің әлемдік нарыққа астықты экспорттауға, осылайша бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштерді келесі кестеден көруге болады.

Кесте 1. Ақмола облысы бойынша 2015-2017 ж.ж. астық көлемі(тонна)


	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Қазақстан Республикасы	19 950 000	23 000 000	21 700 000
Ақмола обл.	4 070 719	5 700 000	4 791 238
Ескерту – stat.gov.kz сайты негізінде авторлармен құрастырылған[1]			

Кестеден көріп отырғанымыздай, Ақмола облысы еліміздің ауыл шаруашылығында алдыңғы орынды алады. Ақмола облысы елімізде өсірілетін астықтың бестен бір бөлігін өндіреді. Жыл сайын 2 млн тоннаға жуық бидайды алыс және жақын шетелдің 32 мемлекетіне экспорттайды. Соның ішінде астық шаруашылығында басым үлесті бидай өндірісі алады. Бидай экспорты республика экономикасында валюталық кірістердің негізгі көздерінің бірі болып табылады. Ел тәуекелшіл шаруа қожалықтарында тұрса да, дәнді дақылдар әртүрлі жылдарда 50% -дан асып кетсе де, Қазақстан нанмен қамтамасыз етеді және ең аз дегенде 70% -дан астықты экспорттайды.

2015 жылы астық өндірісін реттеу бойынша шаралар қабылданды. Қазақстанда бидайдың ішкі тұтыну үшін қажеттіден әлдеқайда көп екені белгілі. Осылайша астықты көп мөлшерде экспорттауға болады. Сонымен қатар еліміздің солтүстік өңірлерінде бидайдың моно-мәдениетін дамыту үрдісі ұзақ уақыт бойы жүріп жатыр. Бұл топырақтың сапасына және өнімділікке кері әсерін тигізді. 2016 жылы ерекше ауа-райы жағдайлары - өрістердегі жасыл массаның қалыптасуы басталатын жаздың басындағы ылғалдылық, ұзақ мерзімді нормадан екі-үш есе асып түскен. Нәтижесінде, бір жыл бұрынғыдан 20% астық

түсірілді. Қазақстанда егіс алқабы құрылымын әртараптандыру бағдарламасы жалғасуда. Бұл бағдарламаның мақсаты бидай егіс алқабын қысқартып, майлы дәнді дақылдар алқабын өсіру. ҚР АШМ мәліметтері бойынша 2017 жылы бидай егіс алқабы 337,6 мың га-дан 12099,4 мың га-ға қысқарды. 2015-2017 жылдар бойынша бидай көлемі келесі суретте берілген

Диаграмма 1. Бидай көлемі (тонна)



Ескерту - stat.gov.kz сайты негізінде авторлармен құрастырылған [1]

Жоғарыда көрсетілген гистограммдан байқағанымыздай, бидай өнімдері өндірісі бірқалыпты дамымаған. Оған себеп ауа райы, жауын-шашын мөлшері, ылғалдылық және т.б. күтпеген оқиғалардың болуы. Бидай алқабының аумағының қысқаруы жиналатын бидай көлеміне де тікелей әсер етіп, 2017 жылы 2016 жылға қарағанда бидай көлемі қысқарған. Сонымен қатар, бұл жоғарғы жақтан жүргізіліп отырған бағдарлама бойынша дәнді дақылдар алқабын қысқартып оның орнына майлы дақылдарды көбейту көзделген. 2016 жылды 2015 жылмен салыстырғанда бидайдың жалпы көлемі 1 001 454 тоннаға, яғни 22 %-ға артқан. 2016 жыл Ақмола облысы үшін жайлы климат орын алды. Егіс кезінде атмосфералық жауын-шашынның аз болуына байланысты бидай егу мерзімі уақытында аяқталды. Тамыз айының ыстық болуы себебінен бидайды жинау процесі жоғарылады. 2016 жылы ерекше ауа-райы жағдайлары - өрістердегі жасыл массаның қалыптасуы басталатын жаздың басындағы ылғалдылық, ұзақ мерзімді нормадан екі-үш есе асып түскен. 2017 жылды 2016 жылмен салыстырғанда бидайдың жалпы көлемі 564 525 тоннаға, яғни 14 %-ға артқан. Барлық шаралар кешенінің тиісті жүзеге асуына байланысты бұл жылы бидай көлемі жақсы болған. Дәнді-дақылдарға 2017 жылы 2016 жылға қарағанда 3,1 млрд теңге көп несиелер артық берілген. Дәнді дақылдар экспорты Ақмола облысы бойынша 2017 жылы 14 %-ға артқан. 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда бидайдың жалпы көлемі 1 001 454 тоннаға, яғни 22 %-ға артқан. Себебі 2016 жылы Ақмола облысында жайлы климат орын алып, бұл да астық шаруашылығына оң әсерін тигізді. 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 436 929 тоннаға қысқарған. 2017 жылы Ақмола облысында дәнді дақылдарды жинау алаңы 2016 жылы 4328,7-мың гектардан 2017 жылы 4324 мың гектарға, яғни 4,7 мың га-ға ғана азайған. Бидайдың сапасының төмен болуы бірнеше факторлармен сипатталады. Бәріне белгілі фактор: өнімділік неғұрлым жоғары болса, оның сапасы төменірек болады.

Өндіріс көлемінің өзгеруіне екі фактор әсер етті: егіс алқаптарының өзгеруі және өнімділігі, ал екіншісі - өз кезегінде, ауа райына байланысты. 2007-2016 жылдар кезеңінде ең жоғары кірістілік 2009 жылы болды яғни , гектарына 15,9 центнер түсті. Соңғы онжылдық кезеңде дәнді дақылдардың кірістілігі гектарына 4,3-тен 15,9 центнерге дейін ауытқыды.

2017 жылы Ақмола облысының бидайы 16 елге экспортталды. Негізгі тұтынушылар ТМД елдері болды, олар Ақмола облысы экспортының жалпы көлемінің 66% -ын құрайды. Өзбекстан мен Қырғызстан бидайдың негізгі импортері болып табылады (экспорттың жалпы көлемінің 23% және 22%). Импорттың көлемі шамалы болып негізінен Ресей мен Белоруссия елдері болып табылады.

Астық сапасы төмендейді, бірақ экономика үнемі өзгеруде. Соңғы үш жылда ауа райының қолайсыздығы, кеш көктем, астықтың сапалық қасиеттерінің нашарлауының негізгі себептеріне айналды. Көптеген ылғалдың арқасында азот мөлшері азайып, ақуыз және астық қоректік заттарға тәуелді болып қалуда.

Ауыл шаруашылық өнімі – Ақмола облысы экономикасының басым салаларының бірі. Облыс республикалық сапалы азық-түлік бидайының төрттен бір бөлігін өндіреді. Облыста ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың дамуы үшін мүмкіндіктер мен шикізат бар. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту бағдарламасы және Ауыл аумақтарын дамыту бағдарламасы шеңберінде облыста ауыл шаруашылығын дамыту жүзеге асырылуда. Астық шаруашылығы жалпы аймақтық өнімінің 15 пайызын құрайды. Қазақстан әлемде бидай экспорты бойынша 7-орынды алады. Елдегі өндірілетін бидайдың көлемі ішкі нарықтық сұраныспен қатар, әлемдік нарықтағы бидайға деген сұранысты да қамтамасыз ете алады. Бұл факт еліміздің әлемдік нарыққа астықты экспорттауға, осылайша бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс.

Сонымен қатар, астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан кәрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз», - деген Елбасы сөздері агроөнеркәсіптік кешеннің экономикамызды дамытудың жетекші саласы екендігін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. stat.gov.kz Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Ақмола облысының Статистика департаменті
2. <http://kazakh-zerno.kz/> - новости и аналитика зерновых культур
3. [Kazakh Grain Exports Continue to Decline](#)
4. АНАЛИЗ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ГаухарШинкеева Алматы 2016
5. Халықаралық ақпараттық агенттік «КазИнформ» (www.inform.kz)
6. «Аграрный сектор» ауыл шаруашылығы журналы (№3(29), қазан 2016 ж.
7. «Казахстанская правда» Республикалық газеті 3 қазан 2015 ж.
8. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Елбасы жолдауы